

**Мұнайлы аудандық мәслихатының 2007 жылғы 11 қазандағы № 2/25 " Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдерді тағайындау және көрсету туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Маңғыстау облысы Мұнайлы аудандық мәслихатының 2009 жылғы 19 қазандағы № 19/205 шешімі. Мұнайлы ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 24 қарашада № 11-7-62 тіркелді. Күші жойылды - Мұнайлы аудандық мәслихатының 2012 жылғы 18 маусымдағы № 4/39 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Мұнайлы аудандық мәслихатының 2012.06.18 № 4/39 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы», Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі № 2247 «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» және Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 39 «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңдарына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Мұнайлы аудандық мәслихаттың «Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдерді тағайындау және көрсету туралы» 2007 жылғы 11 қазандағы № 2/25 (нормативтік құқықтық кесім мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2007 жылғы 19 қарашада № 1985 болып тіркелген, «Маңғыстау» газетінде 2007 жылғы 29 қарашадағы № 198-199 (7212) санында жарияланған; толықтырулар енгізілген «Мұнайлы аудандық мәслихатының «Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдерді тағайындау және көрсету туралы» 2007 жылғы 11 қазандағы № 2/25 шешіміне толықтырулар енгізу туралы» 2008 жылғы 20 ақпандағы № 4/52 (нормативтік құқықтық кесім мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2008 жылғы 20 наурызда № 2006 болып тіркелген, «Мұнайлы» газетінде 2008 жылғы 28 наурыздағы № 12 (15) санында жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген шешіммен бекітілген 1 - ші қосымшадағы кестенің 3 - ші реттік нөмірінің 1 - ші бағанындағы «Қазақстан Республикасы Күніне» деген сөйлем алынып тасталсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрайымы*

*Р. Отегулова*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*Б. Назар*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ